

Д.А. Қонаев атындағы Университет
Университет имені Д.А. Қонаева



Д.А. Қонаевқа – 100 жыл
100- лет Д.А. Қонаеву

«Д.А. ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«Д.А. КУНАЕВ И ЕГО ЭПОХА»



PUBLICATIONS
International scientific and practical conference
dedicated to the centenary of D.A. Kunaev
«D.A. KUNAEV AND HIS EPOCH»

Алматы 25 мая 2012 год

УДК 378
ББК 74.58
К 91

Ответственный редактор: Проректор по научно-исследовательской работе
Университета им. Д.А. Кунаева, доктор юридических наук Алимбаева Г.А.

К91 Д.А. Кунаев и его эпоха: Материалы международной научно-практической
конференции. – Алматы, 2012. – 608 с.

ISBN 9965-627-43-6

В сборнике представлены доклады участников международной научно-практической
конференции, посвященной 100-летию Д.А. Кунаева, которая состоялась 25 мая 2012 года
в Университете им. Д.А. Кунаева.

УДК 378
ББК 74.58

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Конабаев О.К. Ветупительное слово.....	7
Туркбаев Е.А. Роль Д.А. Кунаева в развитии Казахстана.....	9
Pietre Chabal What does «international» mean?.....	12
Антономов А.С. Вклад Д.А.Кунаева в развитие науки в Казахстане.....	14
Алимов К.З. Становление науки международного права в Узбекистане: попытки постановки теоретических проблем.....	18
Кунаева Р.М. О семье Кунаевых.....	30
Баймаханов М.Т. Д.А. Кунаев как государственный деятель.....	34
Баятбаев И.Ж. Становление и современное состояние конституционного контроля в Казахстане.....	39
Сарсембаев М.А. Д.А. Кунаев и его руководящее участие в международных отношениях Республики.....	44
Кубеев Е.К., Аманжолова С.К. Конституция Республики Казахстан - гарант общественного согласия и политической стабильности в стране.....	48
Обжанов Х.Д.А. Кунаев және қазақ зиялысы.....	55
Ораз Каугабай Конаевтың 12 қасиеті.....	61
Шанхметов А.Ш. Вклад Д.А.Кунаева в развитие науки и образования Казахстана.....	64
Куандық Түменбай Д.А. Конаев және еңбек адамдары.....	70
Бекболатов С. Беснұй календарь.....	73
Беслаулетова Х.Е. Асқар тау алыстан көрінелі.....	78

СЕКЦИЯ ИСТОРИИ, ФИЛОСОФИИ И ФИЛОЛОГИИ

Булекбаев С.Б., Булекбаева Р.У. Проблемы активизации созидательной энергии казахстанского народа.....	85
Серикбаев К.С.К 100-летию Д. А. Кунаева.....	90
Тулескова М.К. Д.А. Конаев дәуіріндегі Қазақстанның этнолеографиялық дәмушінің ерекшеліктері.....	103
Сатова А.К. Социально-психологические аспекты права.....	110
Закірянов А.К., Сарсеібаева А.Б., Джанкальгров С.С. Мұсылмандық банкінгтегі іскер этика.....	114
Закірянов А.К., Бағходдин Қ.С. XVI ғасырдың ортасындағы Казак және Сібір халықтарының қарым-қатынасы.....	118
Мустафаева А.И. Музыкальное искусство Казахстана в 1960-1985 годы.....	124
Аузов Е.Х. Динмухамед Қунаев. Начало.....	127
Алиева М.Б., Мырзабаева Ж.К. The use of role-playing games at English lessons.....	132
Абиқенова Г.Б. Д.А. Қонаевтың өткен өмірі жастарға өлеңге.....	136
Ашкеева К.Н. А. Байтұрсынов дүниетанымының қайнар көздері.....	140
Ашкеева К.Н. А. Байтұрсынов шығармаларындағы тил философиясы.....	145
Қосымов Т. Елі құрметтеген ұлы адам.....	150
Қосымов Т. Жалымда қалған жағташып.....	152
Әлімбаева Д.А. Қонаевтың кемелгерлігі.....	156
Қалыбекова Д.Б. Білім мен ғылымды инновациялық қолдаудың қажеттілігі – бүгінгі заман талабы.....	160
Абилішев Р.К., Жанабаев Ф. Туған жерін гүлеткен ұлы тула.....	164
Ахметова Ш.К., Борганова Ж.Ж. Динмухамед Ахметұлы Қонаев – тарихи тула.....	168

ISBN 9965-627-43-6

© Университет им. Д.А. Кунаева, 2012

Бекалаева А.У., Генерозова О.Н., Рысеева Б.Д. Семантические особенности перевода фразеологизмов, связанных с частями тела человека в английском, казахском и русском языках.....	173
Нурболат К. Адамдык калыпты биик устулу – кимге де болса үлкен сын.....	177
Тилепова Г.Д., Д.А.Конаев – тарихи ири тулга.....	182
Нарымбетова К.М., Дипмхамед Ахметулы Конаев – XX гасырдагы ұлы тулга.....	183
Жарболлова Қ.П. Ұлы тулгаға ұйғытқы болған әйел.....	185
Салық Г.Т. Конаев шыққан сын.....	188

СЕКЦИЯ ЮРИДИЧЕСКАЯ

Бейшембиев Э. Кыргызстан и международные договоры.....	191
Батырбаев Б.С. Введение суда присяжных в Кыргызской Республике: особенности судебного разбирательства.....	195
Толубекова Б.Х. Современные проблемы законодательного регулирования оперативно-розыскной деятельности.....	199
Дуйсенов Э.Э. Некоторые проблемы унитаризма в Казахстане (во взглядах академике Г.С. Сапаргалиева).....	206
Табанов С.А. Еліміздегі алкабилер сотын зерттеудің әдіснамасы.....	217
Табанов С.А. Қазіргі кездегі алкабилер соты: жай-күйі және оның алдағы даму перспективасы.....	220
Алибеков С.Т. Общие интеграционные основы в формате СНГ.....	222
Кожамжетов Г.З. Земельный кризис и попытки его разрешения в Казахстане.....	226
Айтхожин К.К. Вопросы судебного-правовой реформы в контексте введения суда бивес в судебную систему Казахстана.....	232
Уталиев Г.К. Организационные меры безопасности участников уголовного процесса и проблемы их реализации.....	238
Зинкевич И.Б. Развитие криминалистики и сети экспертных учреждений в Дзюльнере (период 1944-1960 гг.).....	248
Джансарасва Р.Е. О совершенствовании механизма государственной защиты потерпевших от преступлений.....	258
Алибаева Г.А. Развитие местной исполнительной власти в Республике Казахстан.....	261
Әлілібеков Ж.С. Билер сотының элементі құндылығы.....	268
Сабитова А.А. Общие международно-правовые вопросы защиты прав детей.....	275
Жетписов С.К. Международно-правовой механизм защиты права на неприкосновенность частной жизни.....	282
Тураев А.В. Основные элементы и принципы гражданского общества в Республике Казахстан.....	287
Хведелидзе Т.Б. Система принципов оперативно-розыскной деятельности по действующему законодательству Республики Казахстан.....	294
Таналова Р.Б. Мошеннические действия как элемент криминалистической характеристики экономических преступлений.....	304
Абуллаев С.Ж. Вопросы соотношения квалификационных понятий «специалист» и «эксперт» в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан.....	311
Жайлин Г.А. Применение гражданско-правового договора при осуществлении предпринимательской деятельности.....	318
Лукущенко М. Конституционное правосознание определяющий компонент культуры прав и свобод человека.....	324
Казакеев Н.Т. Содержание договорных источников таможенного права Европейского Сообщества.....	329
Казакеева С.С. Международно-правовая квалификация сексуального насилия в отношении женщин как военного преступления.....	334
Акаев А.М. Идеологический плюрализм в Казахстане: введение.....	342

Ахметова С.А. Международные принципы уголовного процесса как основа реализации международного уголовного права.....	345
Геринкбаев К.Т. Субъектілердің экологиялық ақпарат алуға құқығының құқықтық негіздері.....	352
Маликова Ш.Б. Қылмыстардың жылтығы және оның түрлері.....	359
Абуллина Л.М. Right to liberty and personal inviolability.....	365
Әбділда Д.Ә. Международно-правовые проблемы регулирования миграции.....	372
Зинкевич Т.И. Эволюция конституционных основ польского государства в вихревой Речи Посполитой(второй период Первой Речи Посполитой 1454-1794 гг.).....	376
Алимулов Е.Т. Медиация в уголовном процессе.....	387
Тележанов С.К. Абайсызда кісі өлтіру қылмысы үшін жаза тағайындау ерекшеліктері.....	394
Сынтаева М.Ш. Понятие и виды налогового правоотношения.....	399
Шопабаев Б.А. Криминалистік идентификациялау теориясы мен практикасының мәселелері.....	405
Дабасова С.Ш. Қазақстандағы халықаралық қарым-қатынастың қалыптасуы.....	411
Баянлина М.О. Қылмыстық істі қозғау сатысында дәлелдеуге жағатын мән-жайлар туралы.....	417
Смагулова Д.С. Историческо-правовой анализ проблемы административно-территориального устройства.....	427
Алшыбаева Э.С. Қазақстан Республикасындағы әскери жағдайдың конституциялық-құқықтық режимінің түсінігі мен мәні.....	434
Семанова Г.Ж. Понятие уголовного досудебного производства на современном этапе.....	444
Сапаров Б.Ж. Банктік құқықтық қатынастар мемлекеттік-құқықтық реттеу объектісі ретінде.....	451
Мейірбекова Г.Б. Адвокаттың шепендік өперінің қарындаттары.....	454
Морозова Е.А. Международно-правовое регулирование борьбы с терроризмом.....	458
Байжарматова К.А. Право на получение экологической информации – как идеяная основа в сфере защиты прав человека.....	466
Бошымқұлова И.К. Обстановка совершения преступления как элемент криминалистической характеристики торговли несовершеннолетними и подмены ребенка.....	472
Сарсенбаева Г.Ш. Следы одежды как разновидность трассологической экспертизы.....	477
Батырбек Е.М. Азаматтық заңнамабойынша талап қойылған өсет.....	480
Абрахманов Б.У. Конституционное законодательство Казахстана: история и современность.....	483
Атыканов А. Административные методы борьбы с коррупцией: зарубежный опыт.....	488

СЕКЦИЯ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ

Сембиева Л.М. Управление деятельностью финансовых институтов.....	495
Жаңгузаров Б.Ж. Развитие систем менеджмента в образовательных учреждениях.....	500
Дауылбаев К.Б. Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тарту үдерістерін дамыту мәселелері.....	503
Ажиғанов Б.Б. Государственное стимулирование инновационно-инвестиционной деятельности предприятий.....	508
Азаматова А.Б., Масақова С.С. Кітапкіе «полсежнікі» қак фактор угрозы национальной экономической безопасности РК.....	512

Бұл терминнің өнімділігі анық болғандықтан, «топтық идентификация» термині ғылыми-практикалық өмірге енуі тиіс.

Сараптама қорытындысын жүйелі қалыптастыру үлгісі.

Біздің ойымызша, сарапшының қорытындысы өзі жүргізген зерттеу қорытындысын дәл көрсете білуі тиіс, және әр түрлі сан сактылыққа жол бермеуі керек. Сараптама қорытындысын талдау көрсетіп отырғандай, топтық идентификация туралы сараптама түсінілуі қиын, екі ұшты ойда беріледі. Ол келесідей талаптарға жауап бере алу керек:

- объектінің ең тар ауқымды сипаттары өте дәлділіктен жазылған болуы керек. Мысалы: Салыстырылып отырған жазбалар бір өндірістен шыққан бірдей қызыл қарындашпен екеуі де жазылған деген тәртізді болуы керек. Топтық идентификация туралы сарапшының дәлелдік ұстанымдары төмендегідей факторлармен негізделуі керек.

- 1) Анықталған объектілер тобының көлемі (жіі ұшырасытындығы туралы мәліметтер).
- 2) Болған оқиғаның мезгілдік және аумақтақ кездесу сәйкестігі болуы тиіс.
- 3) Тексеріліп жатқан объектіде сирек кездесетіндігі туралы мәліметтер болуы тиіс.
- 4) Қорытынды маңызын азайтатын немесе молайтатын факт жүзіндегі мәліметердің болуы.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде сараптама қорытындысына топтық классификацияның нақтылы сипаттарымен қатар оның ауқымын, осындай топтағы заттар арасында жіі ұшырасуы мүмкін жағдайын нақтылы көрсету қажет.

Осылайша, сараптама қорытындысының топтық идентификация туралы дәлелдік мағынасында салыстырылып отырған объектілердің кездейсоқ ұқсастығына ғана емес, іс қағазында бар басқа да дәлелдермен, атап айтқанда, салыстырмалы көріністердің қалыптасу механизмі туралы фактілердің де маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізмі:

1. Шляхов А.Р. Организация и производство криминалистической экспертизы в СССР // Теория и практика криминалистической экспертизы. Вып. 9-10. - М.: 1962. - 63 с.
2. Снетков В.А., Кисин М.В. К вопросу о родовой (групповой) криминалистической идентификации. Труды ВНИИОП №9. - М.: 1965. - 18с.
3. Коллин В.Я. Судебная идентификация. - М.: ЛексЭст. 2002. - 528 с.
4. Терзиев Н.В. Идентификация и определение родовой (групповой) принадлежности. МВО – ВЮЗИ. - М.: 1961. - 4 с.
5. Винберг А.И. Криминалистическая экспертиза в советском уголовном процессе. - М.: 1956. - 36 с.

6. Седова Т.А. Некоторые вопросы оценки доказательственного значения выводов на основе групповой идентификации // Вопросы теории криминалистики и судебной экспертизы. Вып. 2. - М.: 1969. - 85 с.

7. Эйман А.А. Вопросы теории установления групповой принадлежности (родовой идентификации) в криминалистике // Проблемы судебной экспертизы. Сб. №1. - М.: 1961. - 45 с.

8. Белкин Р.С. Курс криминалистики. В 3 т. Т. 2: Частные криминалистические теории. - М.: Юристъ, 1997. - 464 с.

9. Селиванов Н.А. Криминалистическая идентификация // Советская криминалистика. - М.: 1978. - 64 с.

10. Митричев В.С. Многоступенчатый характер процесса идентификации некоторых сложных объектов // Информационное письмо №46. - М.: 1970. - 4

Даубасова Сулушаш Шинжрхановна әл-Фараби ат. ҚазҰУ заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстандағы халықаралық қарым-қатынастың қалыптасуы

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық және өзге де қарым-қатынастардың дамуына байланысты әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында орын алған мәселелерін бірін Қазақстан Республикасы Мемлекетінің атынан кепіл ретінде арнайы субъектілер өздеріне тиесілі қызметтерді жүзеге асыру барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында туындайтын мәселелердің бірі, қарастырып жатқан тақырыбымыздың негізі болып табылады [1]. Бұл талқылап жатқан тақырыбымыздың ең негізі нормативті актінің бірі болып - 1973 жылы 14 ші желтоқсанда қабылданған "Халықаралық қорғау аясындағы адамдар мен дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстардың алдын алу және олар үшін жаза қолдану" туралы Конвенция табылады.

Халықаралық қорғау аясындағы тұлғаларға шабуыл жасау қылмысының ұғымына тоқталмас бұрын оның пайда болу негіздерінің туындауын талдап кеткен жөн.

Халықаралық қорғау деп дүниежүзі мемлекеттерінің барлығы не бірқатар мемлекеттер бірігіп сақтап қорғауын айтамыз.

«Бейбітшілік және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» қылмыс ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 4-ші тарауының 163-ші бабында көрініс тауып отыр [2].

Халықаралық қарым-қатынасты жүзеге асырушы жекелеген ұйымдар органдары халықаралық құқық субъектісі ретінде танылған мекемелер немесе тұлғалар болып табылады. Бұлардың әрекет етуі немесе өз еріктерін білдіруі халықаралық құқық субъектісіне тікелей қатыстылығының белгісі.

Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін ұйымдар да болуы мүмкін. Мысалы, дипломатиялық агенттер немесе халықаралық құқыққа сәйкес, шет елде мемлекеттік қызметті жүзеге асыруға қатысты құрылған органдар мысалыға, консулдар және т.б.

Сыртқы саясаты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жүйесі мемлекеттік халықаралық құқық өкілдік етегін кез-келген мемлекеттің негізгі заңдарында қарастырылған, қазіргі таңда сыртқы қарым-қатынас органдарын екі түрге бөліп қарастыруға болады.

Біріншісі, конституциялық, екіншісі, конвенциялық.

Мемлекеттің сыртқы қарым-қатынас конституциялық органдарына – сол елдің Конституциясында көрініс тапқан органдар кіреді: мемлекет басшысы, үкімет және шет елдер министрлігі. Конвенциялық органдарға: арнайы саладағы арнайы қарым-қатынасты жүзеге асыратын (мысалы, көлік, байланыс, әділет және т.б.) үкіметтің жеке тапсырмасына сәйкес қызмет атқаратын органдар жаталаы.

Халықаралық құқық саласы зерттеуші ресейлік ғалымдардың бірі болып табылатын В.И.Лисовскийдің көзқарасы бойынша: «Мемлекеттің сыртқы қарым-қатынасын жүзеге асыратын органдарды екі топқа бөліп қарастырған» жөн деп ойлайды. Олар: мемлекеттің ішкі органдары - мемлекет басшысы, өкіметтің өкілді мүшелері, шет елдер министрлігі; шекаралық – елшілер, консулдар, мемлекеттің сауда өкілдері [3].

Қарастырып жатқан тақырыбымыздағы негізгі мәселелердің біріне шекаралық қызметкерлердің мәртебесін анықтау болатын. Сол мәселелерге тоқталуымыз керек. «Дипломат» – деген сөзді тарихи тұрғыдан қарастыратын болсақ, бұл термин үкіметтің саяси қызметі білдіреді. Бұл қызмет XIV-ғасырда халықаралық сауда қарым-қатынасы дамуының нәтижелерінде көрініс тапқан терминдердің бірі болып табылады. Шығыс елдерінде сауда-саттық қарым-қатынастың дамуының нәтижесінде, алғашқы тұрақты елшілік және консулдық мекеме орындары ашылған болатын.

Міне, осы тарихи сахнаға бет бұрыстың нәтижесі бізді халықаралық дипломатиялық қызметтің пайда болуын, «дипломат» сөзінің қайдан шыққанын, оның түп-тамырын байқауға әкелеп отыр.

Дипломатиялық қызмет шенбері, әрбір қызмет аясы сияқты, реттелінуге жататын жәйт. Осыған қатысты дипломатиялық құқық мәселесі туындайды.

Халықаралық құқық ғылымдарында дипломатиялық құқыққа қатысты әртүрлі анықтамалар беріледі. Солардың біріне мына анықтама кіреді:

Дипломатиялық құқық - мемлекеттің дипломатиялық өкілдердің құқықтық жағдайы мен қызметін реттейтін халықаралық - құқықтық нормалар жиынтығы деп көрсетеді ғалым [4].

Біздің айтуымызша дипломатиялық құқық – ол халықаралық құқықтың нормалары мен реттелетін мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің жүріс-тұрысы, мінез-құлқының жинтығы. Бұл анықтама басқа анықтамаларға толықтыру ретінде беріліп отыр.

Құқықтың бұл түрі мемлекеттің елшілік қызметін жүзеге асыру үшін қажет. Елшілік құқығының екі түрі бар: елшіліктің белсенді құқығы (яғни,

елшілікті басқа елге немесе мемлекетке жіберу құқығы); елшіліктің бәсең құқығы (яғни, елшілікті өз мемлекетінде немесе өз елінде күтіп алу құқығы).

Негізінен "дипломат", "дипломатия" деген сөздер гректің "диплома" деген сөзінен шыққан [4].

Сонымен, дипломат дегеніміз: сыртқы істер министрлігінің қызметкері яғни өз мемлекеттің сыртқы саяси байланыстарын басқа мемлекет немесе мемлекеттермен жүзеге асыратын жеке тұлғаны айтамыз.

Қоғамның даму формациялары, яғни қоғамдық-экономикалық формацияның дамуына орай дипломатияның сыртқы саясатының әдістері мен ұйымдастыру нысандары мен мазмұнының өзгеруі байқалып отырған.

Құлиеленушілік қоғамның дамуы мен феодалдық қоғамның келуімен аяқталған болатын. Содан кейін, ол буржуазиялық қоғамда орын алған. Бұл кезеңдерге төрт сыртқы саясат және дипломатияның жүзеге асырылуының нысандары мен әдістері тән болған. Сондықтан дипломатияның дамуын қарастыру барысында негізгі қоғамдық-экономикалық формациялардың дамуын ескеру қажеттілігі туындаған.

Құлиеленушілік кезеңіндегі мемлекеттердің дипломатиясы белгілі болмағанымен ежелгі кезең тарихынан халықаралық қарым-қатынасты жүзеге асыратын ең негізгі тәсілін құрған болатын. Ежелгі мемлекеттерде сыртқы саясаты жүзеге асыратын негізгі құрал ретінде халықаралық қарым-қатынастарды әскери құралдар, соғыс және әскери дипломатия басқарған болатын. Ежелгі Қытай, ежелгі Вавилон, ежелге Египет сияқты ежелгі көне, антикалық мемлекеттердің тарихынан белгілі дипломатиялық қызметті жүзеге асырушы мемлекет өкілдері, басқа мемлекеттермен келісімге келіп, дипломатиялық сипатта ие құжаттарға, келісімдерге немесе шарттарға қол қоюмен аяқталатын. Дипломатия нысаны мен сипатының қалыптасуы мемлекеттің дамуы кезеңдерімен байланысты болған. Шығыс елдерінде дипломатиялық қатынас патшалардың атынан жүргізіліп, олардың басшылық етуімен сипатталатын.

Құлиеленушілік демократия кезеңінде басқа елге арнайы миссиямен жіберілген Ежелгі Грекия елшілері, халық жиналысы отырыстарында сайланатын.

Олар халық жиналысында өздерінің міндеттерін жүзеге асырғандығы туралы есепті беретін болған.

Ежелгі Рим мемлекетінде халық жиналыстары соғыс пен бейбітшілік мәселелерін қарастырған болатын, ал, сенат органы Римнің ең басты органы ретінде сыртқы саясат пен дипломатияның жетекшісі ретінде танылатын.

Ежелгі Грекия өкілдері Фемисткл, Перикл, Филипп Македонский Грекияның бірігуіне күрескен, әскери қызметтердің жетекшісі ретінде дипломатиялық шеберлікті кенінен қолданған болатын. Рим Республикасының өмір сүруінің соңғы ғасырында және Римдік империя алғашқы кезеңінде-ақ дипломатия мен сыртқы саясат жүргізуінде, орталық ірі держава құру мақсатында, жана жерлерді баеып алуды көздеген. Шығыс елінен келе жатқан «варварларды» әлсірету және өзіндік империяны нығайту мақсатында басқа елдермен келісімге келуді мақсат еткен болатын.

Құл иеленушілік кезеңнен феодалдық кезеңге өту барысында дипломатиялық қатынастар өзгере бастады.

Құл иеленушілік кезеңнің жалғыз дағдарысы нәтижесінде «варварлық» тайпалардың ықпалынан Батыс Римдік империя құлап, Еуропада әскери-жер басыпалушылыққа қызығушылық етуші бірнеше мемлекеттер пайда болды. Орта ғасырдың алғашқы жартысында нақты шекарасы бар мемлекеттер жоқ болатын, олар дер кезінде пайда болып, бірден жоқ болып кететін. Себебі олардың тұрақты немесе нақты анықталған шекаралары болмаған болатын. Бұл кезеңде дипломатия ірі феодалдық мемлекеттердің және княздардың қарамағында болатын. Әрбір ірі «сеньоридің» өзіндік сыртқы саясаты болатын және «жеке соғыс ашуда» құқылы болатын. Бұл кезеңде дипломатия қажеттілігіне қарай мемлекеттер арасында жерді иеленіп басып алуға қатысты пайда болған қақтығыстарды шешетін құралдың бірі ретінде қарастырылған еді.

Шығыс елдерімен қатар, Византияда Еуропаның феодалдық мемлекеттері және Ресеймен сыртқы қарым-қатынас үшін арнайы аппарат - дипломатиялық қоғам, церминал нысандарын өңдеуді жүзеге асыруға бел бұған. Феодалдық Италия елінің көрікті саясат қызметкерлерінің бірі Макиавелли (1469-1527 жылдар аралығында өмір сүрген) өзінің кезеңіндегі атақты дипломаттың бірі ретінде танылған. Макиавелли өзінің «Мемлекет басшысы» - атты трактатында дипломатиялық шеберліктің өзіндік теориясын құрастырған. Оның пайымдауы келесідей: «следует иметь в виду, что есть два рода борьбы: один - посредством законов, другой - силы. Первый свойствен людям, второй - зверям, но так как первый часто оказывается недостаточным, то приходится прибегать ко второму» [5].

Н.Макиавелли: «Мемлекеттік мүдде дипломатияның ен негізгі бастамасы болып табылады, сондықтанда оған жету үшін кез келген құралдарды пайдалану қажет» - деп есептейді.

Ол: - бұл дипломатияда жеңіске жету үшін ешбір құралдарды аямайғыны жайлы пайымдайды. Тарихта, Макиавеллидің есімі дипломатия дамуындағы тарихи кезеңімен байланыстырылады.

Орта ғасыр кезеңінде мемлекеттер ыдырап бастағанда әртүрлі мемлекеттердің саяси тіршілігінде шіркеудің маңызы күше бастаған. Рим папаларының көмекшілері болған. Оларды нунцийлер деп атаған. Нунцийлер қазіргі кезде де бар, олар әлі күнге дейін католик шіркеуінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. «Нунций» - сөзі латын тілінен аударғанда - «хабар беруші» деген мағынаны білдіреді. «Нунций» - қазіргі таңдағы барлық католик елдерінде - дипломатиялық корпус ретінде өз қызметін жүзеге асыруда. «Нунций» - римдік шіркеу кезеңінде ірі дипломатиялық жұмыстарды жүзеге асырған және қазіргі кезеңге дейін басым елдердің қолшлығынде дипломатиялық корпусқа өзіндік орын алып келеді. Олар Франция, Италия, Батыс Германия және т.б. мемлекеттерінің дипломатиялық корпустарында да бар. Бірақ-та, тәртіпке сәйкес, орта ғасырда папа өкілдері уақытша өкілдер болатын яғни, белгілі бір уақытқа анықталған миссиямен сапарға шыққан болатын.

Сол уақыттарда мемлекеттер арасында өз елдерінің елшілерін басқа елге жіберу арқылы тұрақты елшілік институты пайда болған. Бұл елшілік институты ежелгі көне мемлекеттерден бері келеді. Ол тарих сахнасында әр түрлі мемлекеттер арасында түрлі әдістер арқылы шарттарды жүзеге асыруды алдына мақсат етіп қойған институт ретінде қарастырылып келеді. Ежелгі кезеңде әлі құқық дамымаған кезде елшілер арнайы қорғау және анықталған өкілеттіліктерге ие болған болатын, олар тікелей әдет-ғұрыптар мен бекітілген болатын. Себебі, елшілерді қасиетті аламан ретінде қарастырған. Бірақ-та, тұрақты елшілік орта ғасырдың соңына жақын бекітіле бастаған. Мысалы келесі мән-жайларды ескере кетекеніміз жөн болар - Шығыс шіркеуінің папалары Батыс шіркеуінен ажыратылып бөлінгенге дейін тұрақты елшілері бар болған және ол «apostisialis» немесе «peronales» деген атқа ие болған. Алғаш тұрақты елшілер ХІІ ғасырда бекітілген болатын. Тұрақты елшілер институтын дамыту барысында дипломатия деп аталатын жаңа категориялық мемлекеттік қызметтен тұлғалардың қажеттілігі туындады. Бірақ-та, «дипломат» және «дипломатия» терминдері ХVІІІ-ғасырдың аяғына жақын қолданыла бастады.

Сонымен, ХV-XVІ ғасырларда кәсіпқой дипломаттардың пайда болу бастады. Бұл кезеңде, шетелге тұрақты жұмыс істеуге сапарға баратын мемлекеттердің өкілдері тағайындала бастап, басқа елде де тұрақты қызмет атқару үшін мисия немесе тұрақты өкілдер бекітіле бастаған. Осы кезде 1520 жылы Англия және Киелді Рим империясы арасындағы алғаш тұрақты елшілер тағайындалғандығы туралы бекітілген трактат, сосын, отыз жылдық соғыстың аяқталумен мемлекеттер арасындағы тұрақты қарым-қатынас қағидаларының кейбіреулерін анықтаған және елшіліктің түрлерін бекіткен 1648 жылғы Вестфальды бейбітшілік шарттар қабылданды.

Шетелдік тарихи үрдістерді саралай келе біз отандық тарихымызға көшуді жөн көрдік. Қазақстан мемлекетінің географиялық тұрғыдан орналасқан жері Орта Азия аумағында шоғырланғаны мәлім. Сол себепте де Қазақстанның тарихы Орта Азия мемлекеттерінің тарихымен тығыз байланыста өрбіп, дамыған.

Отандық тарихымызда әртүрлі сыртқы қарым-қатынастар орын алған, соның бір көрінісі «Ұлы Жібек Жолының» Қазақстан территориясынан өтуі шығар. Бұл кездерде дипломатиялық қарым-қатынастардың дамуымен қатар, осы аумақтарда орналасқан халықтардың жаппай өзара бірігіп, араласуына жол ашадy. Сонау кейінгі Түрік қатынас ұстағаны белгілі. Солдан кейін алып Түрік қағанатының өзінде-ақ нағыз дипломатиялық елшіліктердің белгілері байқалған. Одан кейінгі Қаралук, Қыпшақ, Қимақ, Оғыз мемлекеттерінде орын алған сыртқы қарым-қатынастар бізді қазақ жерінде дипломатиялық қарым-қатынас болғанын дәлелдемейді. Ал, Қарахан мемлекеті тұсында Сатук Боғара ханның көрші елдермен жасасқан сыртқы қатынастарды біздің отандық тарихымызда нағыз халықаралық үрдістер болғанына куәлік береді.

Қазақ хандығының гүлденуіне бірден-бір себеп болған Қасым ханның өзі халықаралық ынтымақтастықтың болуына шақырып, дербес ішкі және сыртқы саяси қызметтерді іске асырып отырған.

XVI – ғасырдың жартысында Қазақ хандығының Ұлы, Орта, Кіші жүзге бөлініп тарауына байланысты казак мемлекетті халықаралық құқық субъектісі болып феодалды-патриархалды типтік мемлекет ретінде таныла бастады.

Мұнда казак хандығының нақты ыдырауына себеп болған олар өздеріне тиісілі жерлерін және басқа мемлекеттермен шекаралық шартын жазбаша нысаны болмағандығы халықаралық-құқықтық қызметіндегі жетіспеушілігі айқын болған.

1731 жылы кіші жүздің басшылығымен Қазақстанның Ресейге қосылуы кейбір дерек көздерінде өз еркімен жасалған делінеді. Бірақ-та біз білеміз Әбілқайыр ханның позициясы жоңғарлардан қорғану мақсатында Ресей мемлекетінің көмегіне жүгінген. Отандық тарихшы ғалымдардың көпшілігі оны дәлелдейді. Тарих сахнасындағы Тевкелевтің Ресейге елшілігі Қазақтардың халықаралық ынтымақтастыққа ұмтылыс жасауының бірден-бір дәлелі.

Сонымен XIX ғасырдың 60-шы жылдары казак жүздерінің түгелімен Ресейдің қол астына кіруімен аяқталып, жүздердің жеке, дербес мемлекет ретінде тіршілік етуі тоқтатыла бастады [6].

Қазақ және Орта Азия жерлерінің Ресейге қосылуы казак және Орта Азия мемлекеттерінде экономикалық, мәдени жағдайлардың дамуын жетілдірді және оларға жан-жақты шабуыл жасау жойылды. Мұнымен қатар Ресейге қосылуға көптеген табыстарға қол жеткізді. Мысалы, Қазақстан және Орта Азия жерлерінен Шығыс елдерімен сауда-саттық транзиті жүзеге асыру барысында өзінің оңтүстік шекарасында қауіпсіздікті қамтамасыз етті.

Міне көріп отырғанымыздай Ұлан байтақ казак жерінде халықаралық сыртқы қарым-қатынастың жан-жақты дамуы орын алып, әртүрлі мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарғанын аңғардық. Сайып келгенде сыртқы қарым-қатынас елді дамытты, сана-сезімді ұлғайтып, мәдениетіміздің одан ары кемелдендірді.

Халықаралық сыртқы қарым-қатынас басқа да қарым-қатынастың түрлері секілді, нормативтік реттелінуге жататтын құбылыс. Сөз нормативтік реттелінуі жайлы қозғалса, онда біз оның құқықтық базасын анықтауымыз қажет.

Ғылыми еңбектерде халықаралық құқықтың келесідей бастаулары орын алған: а) халықаралық дәстүр; б) халықаралық шарт; в) танымал Құран мен сүнне жатады.

Құран мен сүнне ішкі нанымды ғана емес, мемлекеттің ішкі нанымдағы дінге қатысты мәселелерді реттеген.

Салт-дәстүр дипломатиялық, сауда және әскери қарым-қатынас саласында (дәстүр елшілерге ешкімнің тиіспеушілігін қамтамасыз ету, дәстүр елшілерге түнде жатып тұруын, тамақтануын, аттары үшін жем беруді ұсыну, салық, келен төлемдерін анықталған мөлшерде ғана алу және т.б.) негізінде әрекет еткен.

Дипломатиялық өкілдік елшілік ету, бойынша дипломатиялық өкілдер бірінші ранг қатарына жатады. Елші өз мемлекеттің өкілінің жеке басшысы

болып саналады және ерекше өкілдікке ие. Олардың бақты өкілдігі – мемлекет басшысымен жеке шарт жүргізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліе жасау қарсаңында» Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы 2006 жылғы 1 наурыз // Егеменді Қазақстан 2006. 2 наурыз
2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі.- Алматы: Юрист, 2010. 141б.
3. Сандраевский К.К. Право внешних сношений /Киев – 1986. – С.325.
4. Бежашева К.А. Международное публичное право.: Учебник. – М., 1998. – Гл. С.608.
5. Л.Опенгейм Международное право том 1 Мир.полуголом 2. 1949 из иностранной литературы Москва 560 стр.
6. М.А.Сарсембаев Международное право Особенная часть учебное пособие Алматы – Ғылым 1999- 284 с

Баяндина М.О.

ал-Фараби ат. ҚазҰУ-н, зан факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

Қылмыстық істі қозғау сатысында дәлелдеуге жататын мән-жайлар туралы

Қылмыстық істі қозғау, жоғарыда айтылғандай, қылмыстық процестің тәуелсіз сатысы болып есептеледі. Бұл сатыда, жасалған іс әрекет қылмыс ретінде сараланып, оны жасаған тұлғаның ізіне түсу сұрақтары шешіледі. Алдын ала тергеу қылмыстық істі қозғаудан басталады. Қылмыстық істі қозғау тәртібі, себептері мен негіздері, толық, ҚР Қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген. Қылмыстық істі қозғау сатысындағы дәлелдеуді алатын болсақ, ол қызмет, заңда көзделген істі қозғаудың себебі және негізі болатын ережелерді фактілік деректер арқылы нақтылаудан тұрады. Бірақ процессуалдық әдобиетте, осы қарастырылып отырған сатыда дәлелдеудің орын алатындығы жөнінде барлығымен бірдей қабылданған қозғарас жоқ. Бір процессуалистердің пікірінше, қылмыстық істі қозғау сатысында шектелген сұрақтар шешуді талап етеді, сондықтан заңмен түсіндірілген толық дәлелдеу жүргізілмейді. Бұл қозғарасты қолдаушы тұлғалар, заңда бекітілген дәлелдеудің түсінігіне жүгінеді. Дәлелдеу процесі, заң бойынша, дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалаудан тұрады, ал бұл әрекеттердің барлығы істі қозғау кезінде орын таппауы мүмкін. Бұл қозғарастың қолдаушылардың бірі И.М.Каз, оның қозғарасы бойынша, қылмыстық істі қозғау сатысында, өкілетті тұлғалар, анықталған мәліметтерге негіздене